

Қалқаман ауылының Строительная көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Қалқаман ауыл әкімінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 1-03 /11 шешімі. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 мамырда N 12-2-141 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына сәйкес, Қалқаман ауылы тұрғындарының пікірін есепке ала отырып,

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Қалқаман ауылының Строительная көшесі Сейтахмет Мингалиев атындағы көшеге қайта аталсын.

2. Осы шешім ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қалқаман ауылының әкімі

Ж. Байлаубай